

«Бір шығарманың мұражайдағы күні»

Бүгінгі күнде кітапханашы жұмысы күрделене түсті. Кітапханашыға қойылатын міндет: оқырман талабына сай жұмыс атқару. Кітап пен оқуға тартуда инновациялық әдістермен жұмыс жүргізу. Осы бағытта түрлі жұмыс түрлері насихатталып келеді. Соның бірі **«Бір шығарманың мұражайдағы күні»** атты шығармашылықпен оқу технологиясы.

Оның мағынасы балалармен шығарманы оқып қана қоймай, оның кейіпкерлерімен бірге оқиғаны бастан кешіресіздер. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты – тұлғаның рухани құндылықтарының дамуына ықпал ететін оқырманның шығармашылық қабілетін дамыту.

Бұл технологияның құндылығы оқырмандарға эмоционалдық және интеллектуалдық жағынан әсер етеді. Мұнда мәтінді түсінуге балалардың зейініне негізделген дәстүрлі емес зерттеу қызметі қолданылады. Оқылған мәтіннен қандай да бір заттың мағынасын ашып, әр баланың өзін-өзі жетілдіруіне ықпал етеді. Ал ең бастысы аталмыш технология белсенді шығармашыл оқырманды қалыптастырады.

Бір кітаптың мұражайдағы күні – бұл мұражай-шығармашылық. Мұндай мұражайдың экспонаттары түрлі заттар болуы мүмкін: суреттер, аппликация, оригами және рецензиялар, оқырманның авторға немесе кітаптың кейіпкеріне жазған сыни мақалалары т.б. Сондай-ақ, мұражай экспозициясына мәтінге қатысты кез-келген заттар қойылады. Жұмысты ұжыммен, топпен, жекелей орындауға болады.

Мұражай экспонатын құру бойынша инструкция

1. Мәтінді мұқият оқыңыз.
2. Мәтіндегі экспонат болатындай негізгі заттарды анықтаңыз.
3. Экспонатқа сипаттама беретін түйін сөздерді және сөз тіркестерін белгілеңіз.
4. Экспонаттың үлгісін дайындаңыз.
5. Өз экспонатыңызға сипаттама жасаңыз: атауы, ол туралы қысқаша ақпарат, экспонатты сипаттайтын мәтіннен үзінді.
6. Оқылған мәтін үзіндісі бойынша өз пікіріңізді білдіріп, қорытынды шығарыңыз. (Пікір – зат немесе құбылыс туралы көзқарас, өткізілген зерттеудің мәтіні негізінде өз пікіріңізді білдіріңіз. Ой қорытындысы мәтіннің көзге көрінбейтін тұстарын тани білу).
7. Жұмыс барысында экскурсия жетекшісін таңдап алыңыз.

Экскурсия жетекшісінің жаднамасы

1. Сөз сөйлеуге дайындалу.
2. Іздеу барысында шығармашылық топ мүшелерінің экспонат туралы жақсы пікірлерін жазып алыңыз.
3. Өз сөзіңізге жоспар құрастырыңыз.

4. Өз әңгімеңізге мәтін бойынша жұмыс істейтін топтың әсерлі сәттерін енгізіңіз (3-5 сөйлем).
5. Экспонат туралы әңгіме құрастырыңыз.
6. Сіздің топқа мұражайға келушілер қандай сұрақтар қоятынын ойлаңыз.

Сөз сөйлеу

1. Сөз сөйлеу үшін жақсы дайындық қажет. Яғни сөздің мазмұны туралы ойлану керек.
2. Тақырыпты оның сұрақтарын, мақсаты мен міндеттерін жақсы білу өте маңызды: тыңдаушыларға жеткізе білу, дәлелдеу, қорытынды шығару.
3. Аса маңызды деген сөздер мен сөз тіркестерін тандап алыңыз, тілдің қандай құралдарын өз сөзіңізде қолдануға болатынын біліңіз (салыстыру, эпитет, метафора т.б.).
4. Сөздің басталуы тыңдармандар қызығушылығын бірден тудыруы қажет, олармен сіздің ойыңыз бір жерден шығуын қадағалаңыз.
5. Тыңдармандар сізге сеніп, сіздің ойыңызды қолдауы қажет.
6. Сөйлейтін сөзіңіз жайында қысқаша жоспарыңыз болсын.
<http://www.bibl-mobl.ru/konkurs/teh-muz.pdf> сайтынан аталмыш технологиямен таныса аласыздар.

Мәтінмен жұмыс

1. Қатысушыларды топқа бөлеміз.
2. Мәтін бойынша экспонаттарды әзірлеу.
3. Ой қорытындысы
4. Экспонаттарды презентациялау
5. Сұрақтар арқылы жалпы қорытынды жасау:
Әңгіме мәжбүрлейді
Шығармада айтылады ...
Айтқым келеді ...
Болжауым бойынша ...
Шынымды айтсам ...
Ойлағым келмейді ...
Сенгім келеді ...
Мен сеземін ...
Мен білемін ...
Енді мен сенімдімін ...

Осындай технологияларды практикада қолдануға болады.